

Тереңкөл ауданы Бобровка ауылдық округі Жаңабет ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Бобровка ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 3 мамырдағы № 1-04/3ш шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 мамырда № 6346 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Бобровка ауылдық округі Жаңабет ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 23 мамырдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Бобровка ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тереңкөл ауданы Бобровка ауылдық округінің Жаңабет ауылындағы "Калинин" көшесі "Болашақ" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бобровка ауылдық округінің әкімі

Р. Умаров